



2024 жылдың 01 мамырына

**Қазақстан Республикасының
банк секторындағы Жұмыс
істемейтін несиелер жағдайына шолу.**



**ПРОБЛЕМАЛЫҚ КРЕДИТТЕР ҚОРЫ
САТЫП АЛУ. БАСҚАРУ. САТУ.**

2024 жылдың 1 мамырына елдің 21 екінші деңгейлі банктерінің несиелік портфель көлемі **30 723 млрд теңгені** (жиынтық активтердің 59%) құрады. Оның ішінде жұмыс істемейтін несиелік (NPL) көлемі **958,6 млрд теңге**, немесе жалпы несиелік портфельінің **3,1%** құрады (2024 жылдың 1 сәуіріне – 928,7 млрд теңге немесе 3,07%).

ҚР банк секторының жұмыс істемейтін несиелік деңгейінің динамикасы




Қарыз алушылар санаты бойынша жұмыс істемейтін несиелердің ең үлкен көлемі **жеке тұлғаларға** келеді – 671,8 млрд теңге немесе 70% (01.04.2024 ж. – 649,8 млрд теңге).


Шағын және орта бизнеске – 250,5 млрд теңге немесе 26% (01.04.2024 ж. – 243,7 млрд теңге).

Жұмыс істемейтін несиелердің ең аз көлемі **заңды тұлғаларға** келеді – 35,7 млрд теңге немесе 4% (01.04.2024 ж. – 34,6 млрд теңге).

01.04.2024 ж.
NPL құрылымы



01.05.2024 ж.
NPL құрылымы



Екінші деңгейлі банктер бөлінісінде жұмыс істемейтін несиелердің ең үлкен көлемі **«KASPI BANK» АҚ** келеді – 237 млрд теңге немесе несие портфелінің 4,9%.

Әрі қарай неғұрлым ірі NPL көлемі келесі банктерге келеді:


– **«Қазақстан Халық Банкі» АҚ** – 209 млрд теңге (несие портфелінің 2,1%);

– **«Jusan Bank» АҚ** – 100 млрд теңге (несие портфелінің 8,2%);

– **«Еуразиялық Банкі» АҚ** – 86 млрд теңге (несие портфелінің 5,9%);

– **«Forte Bank» АҚ** – 65 млрд теңге (несие портфелінің 3,9%).


Жұмыс істемейтін несиелердің ең үлкен көлемі бойынша 5 банк



Сонымен бірге несиелік портфеліндегі жұмыс істемейтін кредиттердің ең жоғары үлесі **«Банк ВТБ» ЕБ АҚ** келеді – 9,9%.

Әрі қарай несиелік портфелінде жұмыс істемейтін кредиттердің ең жоғары үлесі келесі банктерге келеді: **«Jusan Bank» АҚ** (8,2%); **«Нұрбанк» АҚ** (7,5%); **«Еуразиялық банкі» АҚ** (5,9%) және **«Kaspi Bank» АҚ** (4,9%).

Жұмыс істемейтін несиелердің ең жоғары үлесі бойынша 5 банк



Деректер көзі: nationalbank.kz
 материалды «Проблемалық кредиттер қоры» АҚ
 Корпоративтік даму департаменті дайындады